

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 ақпандағы № 20 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 ақпанда № 26742 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 9 қаңтардағы № 4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 09.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-4-бабы 4-1) тармақшасына, "Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 мамырдағы № 173 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22807 тіркелді) сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

осы қаулыны Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

К. Аксакалов

Солтүстік Қазақстан

облысы әкімдігінің

2022 жылғы 3 ақпандағы

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-4 бабы 4-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау алгоритмін белгілейді.

2. Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құны (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет) бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасына қарай айқындалады.

Көрсетілетін қызметтің әрбір жеке түрі үшін базалық баға осы Әдістеменің қосымшасына сәйкес айқындалады.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін $P_n = V_n \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_n (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, газеттердегі көрсетілетін қызмет құны;

V_n – газетте орналастырылатын бір шаршы сантиметрінің көрсетілетін қызметтің базалық бағасы;

V – газетте орналастырылатын, шаршы сантиметрмен есептелетін көрсетілетін қызмет көлемі;

K_q – газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін – 1,3;

100 000 данаға дейін – 1,15;

50 000 данаға дейін – 1;

30 000 данаға дейін – 0,9;

20 000 данаға дейін – 0,8;

10 000 данаға дейін – 0,65;

5 000 данаға дейін – 0,5;

2) журналдар үшін $P_m = V_m \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_m (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, журналдардағы көрсетілетін қызмет құны;

B_m – журналда орналастырылатын бір шаршы сантиметрінің көрсетілетін қызмет үшін базалық баға;

V – шаршы сантиметрмен есептелетін журналда орналастырылатын көрсетілетін қызмет көлемі;

K_q – журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін – 1,2;

10 000 данаға дейін – 1,1;

8 000 данаға дейін – 1;

5 000 данаға дейін – 0,9;

3 000 данаға дейін – 0,8;

1 000 данаға дейін – 0,7.

4. Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны $P_i = B_i \times V \times K_q$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_i (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_i – интернет-ресурста көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секундiнiң, минутының, данасының базалық бағасы;

V – интернет-ресурста көрсетілетін қызметтің символдармен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

K_q – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін – 1;

айына 1 000 000 кірушіге дейін – 1,1;

айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;

айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;

айына 5 000 000 кірушіден жоғары – 1,4.

5. Телевизияда көрсетілетін қызметтің құны $P_{tv} = B_{tv} \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_{tv} (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, теледидардағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_{tv} – телевизияда көрсетілетін қызметтердің бір секундiнiң, минутының, сериясының базалық бағасы;

V – телевизияда көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көлемі

Егер мемлекеттік ақпараттық тапсырысты қалыптастыру кезінде телевизиялық бағдарламалардың жанрлары бойынша бөлінулер ескерілмеген

жағдайда, телевизиялық бағдарламаларды өндіру және орналастыру құны базалық (Btv) болады.

6. Радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны $P_r = B_r \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_r (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_r – радиоарнада көрсетілетін қызметтердің бір секундiнiң, минутының базалық бағасы;

V – радиоарнада көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлемі.

Солтүстік Қазақстан облысы
бойынша бұқаралық ақпарат
құралдарында мемлекеттік ақпараттық
саясатты жүргізу үшін сатып алынатын
көрсетілетін қызметтердің құнын
айқындау әдістемесіне
қосымша

Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру бойынша базалық бағалар

№	Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Облыстың, қалалар мен аудандардың атауы	2022 жылға базалық баға (теңге)	2023 жылға базалық баға (теңге)	2024 және алдағы жылдарға базалық баға (теңге)
1	2	3	4	5	6	7
1	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Солтүстік Қазақстан облысы	800	832	865
	Солтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын					

2	б а с п а басылымдары н д а газеттерде) көрсетілетін қызмет ((шаршы ақпараттық материалды дайындау ж ә н е орналастыру) (Bn) сантиметр	Солтүстік Қазақстан облысы	91	95	98
3	Петропавл қаласының аумағында таратылатын б а с п а басылымдары нда (газет) көрсетілетін қызмет (шаршы ақпараттық материалды дайындау ж ә н е орналастыру) (Bn) сантиметр	Петропавл қаласы	89	93	96
4	Аудандар аумағында таратылатын б а с п а басылымдары нда (газет) көрсетілетін қызмет (шаршы ақпараттық материалды дайындау ж ә н е орналастыру) (Bn) сантиметр	аудандар	30	31,2	32,4
5	Солтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын б а с п а басылымдары нда (журнал) көрсетілетін қызмет (шаршы ақпараттық материалды сантиметр	Солтүстік Қазақстан облысы	50		54

	дайындау және орналастыру) (Bm)				52	
6	Республикалық маңызы бар мәселелерді жариялайтын интернет-ресурстарында көрсетілетін қызмет ақпараттық материалды дайындау және орналастыру) (Bi)	символ	Солтүстік Қазақстан облысы	158	164	171
7	Өңірлік маңызы бар мәселелерді жариялайтын интернет-ресурстарында көрсетілетін қызмет ақпараттық материалды дайындау және орналастыру) (Bi)	символ	Солтүстік Қазақстан облысы	24	25	26
8	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телеарналарда көрсетілетін қызмет (сюжеттер шығару және орналастыру) (Btv)	минут	Солтүстік Қазақстан облысы	491 111	510 755	531 186
	Қазақстан Республикасының аумағында					

9	таратылатын міндетті теле - , радиоарналардың тізбесіне кіретін телеарналарда көрсетілетін қызмет (деректі фильм шығару) (Btv)	минут	Солтүстік Қазақстан облысы	187 500	187 500	187 500
10	Міндетті теле - , радиоарналардың тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Солтүстік Қазақстан облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле - , радиоарналардың тізбесіне кіретін телеарналарда көрсетілетін қызмет (сюжеттерді өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	Солтүстік Қазақстан облысы	6 194	6 442	6 699
	Міндетті теле - , радиоарналардың тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Солтүстік Қазақстан облысының аумағында телерадио хабарларын					

11	таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телеарналарда көрсетілетін қызмет (телевизиялық бағдарламаларды өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	Солтүстік Қазақстан облысы	6 194	6 442	6 699
12	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Солтүстік Қазақстан облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телеарналарда көрсетілетін қызмет (видеороликтер өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	Солтүстік Қазақстан облысы	6 194	6 442	6 699
	Солтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын					

13	радио- көрсетілетін қызмет ақпараттық бағдарламала- рды шығару және орналастыру) (Br)	минут	Солтүстік Қазақстан облысы	1 563	1 626	1 691
14	Солтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын радио- көрсетілетін қызмет (аудиороликте рді өндіру және орналастыру) (Br)	секунд	Солтүстік Қазақстан облысы	1 563	1 626	1 691

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК